

Қ. Абаханов атындағы орта мектеп бойынша Қамқоршылық кеңестің

**Хаттамасы №1**

Өрлік ауылы

25.02.2022 ж.

Қатысушылар: 9-кесте мүшесі, 1-МДТІЖО

Қатынасқандар: 9-кеңес мүшесі, 1-МДТІЖО

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу. Кеңес мүшелерін сайлау. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрағасы, орынбасар, жауапты хатшы) Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
2. Қамқоршылық кеңестің 2022 жылы атқаратын іс-шараларының жоспарын құру.

**Тыңдалды 1:** М.Тулепов – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша хабарлама жасады.

«Қамқоршылық кеңестің» жарғысы туралы түсіндіріп, бейнеролик көрсетті. Жалпы қамқоршылық кеңесінің мақсаты: білім беру ұйымдарына қолдау көрсету. Атап айтқанда, оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу, сондай-ақ оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу. Қамқоршылық кеңестің жұмысын интернет ресурстарында орналастырып отыру қажеттілігін түсіндірді. Қамқоршылық кеңесі қалалық білім бөлімінің бұйрығымен бекітіледі. Кеңес мүшелігіне үміткерлердің жазбаша келісімі болу керектігін айтып өтті. Ағайындық, туыстық қарым-қатынас болмау керектігін, кеңес мүшелер 9 адамнан кем емес, тақ саннан құралатынын ескертті және қамқоршылық кеңес Атқарушы жергілікті органдарға ұсыныс енгізе алады. Қамқоршылық кеңес отырысы әр тоқсан сайын 1 рет өткізіледі. Психолог мамандармен тығыз байланыста болады. Счет ашып, қайырымдылық акциясы қазнашылық өтеусіз негізінде көрсетіледі. Білім алушыларды қолдау, мадақтау және әлеуметтік жағдайына қарай көмек беріледі. Осы отырыста «Қамқоршылық» кеңес төрағасы мен төраға орынбасарын, хатшысын сайлау керектігін қаперлеріңізге беремін.

1. **Сөйледі:** Камешева Анар - кеңес мүшесі.

«Қамқоршылық кеңестің құрамында бірнеше жылдан бері қатынасып келеміз. Қамқоршылық кеңестің атқаратын қызметтерімен де хабардармыз. 2021 жылы қамқоршылық кеңестің төрағасы қылып К.Аманғалиеваны сайладық. Биылғы жылда да осы кеңес мүшесінің төраға болып қала беруіне қарсылығым жоқ. Былтырғы жасалған жұмыстарға көңіліміз толады.

**Тыңдалды 2:** К.Аманғалиева – қамқоршылық кеңесінің мүшесі күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөйледі.

4-тарау. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібіне сай қамқоршылық кеңесінің отырысының тоқсан сайын кемінде бі рет өткізілетіндегін, отырысқа кеңес мүшелерінің кемінде жалпы санының үштен екісі қатысса заңды болып табылатынын, Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне немесе адамға сенімхат бойынша беруге жол берілмейтіндігін, Қамқоршылық кеңестің шешімі отырысқа қатысқан Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделетіндігін, хаттаманың мектеп сайтына 3 күн ішінде жарияланатындығын қаперлеріңізге бергім келеді.

Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарына мектеп оқушыларының әлеуметтік паспортын жасау, әлеуметтік базаны жаңартуда қатынасу, мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын анықтай отырып оқушылардың кепілдендірілген әлеуметтік топтамамен, бір рет берілетін ыстық тамақпен, жаңа жылдық мерекелік шараға қатынасуын, «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына кәсіпкерлер мен демеушілерді тарту, мектептің базасын, жалпыға міндетті білім қорының игерілуін қадағалау сияқты іс-шараларды атқарамыз, жоспарымыз да осы бағытта құрылады.

Қаулы етті:


1. «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы болып К.Аманғалиева қалдырылсын.
2. Кеңестің 2022 - 2023 оқу жылына арналған іс –шара жоспары құрылсын, кеңес мүшелеріне жоспар бойынша өз міндеттерін бөлініп берілсін. Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып Жәнібек Айдана тағайындалсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



К. Аманғалиева

Мүшелері:



Л. Сулейменова

Д. Умарова

А. Камешова

Н. Жунусова

А. Тлегенов

А. Утепова

Б. Туленов

А. Жәнібек

Хатшы:



## Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша Қамқоршылық кеңестің 2022 жылдың I тоқсанында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат

Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша мектеп директорының №6 санды бұйрығы (19.01.2022 ж.) негізінде Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы 2021-2022 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітіліп, Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Аманғалиева Құралай сайланды.

Құрамында:

1. Сүлейменова Ләззат
2. Умарова Дина
3. Тлегенов Азамат
4. Қамешова Анар
5. Жунусова Нургул
6. Жәнібекова Айдана
7. Туленов Бертілеу
8. Утепова Анар

Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған іс – шара жоспары жасақталды. Жоспар бойынша Қамқоршылық кеңестің I отырысы ұйымдастырылып, онда Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу мәселелері қарастырылды.

Аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 31-ші наурыздағы №117 санды хаты негізінде Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысы болып өтті. Күн тәртібіндегі қаралған мәселе - «Бөбек» ұлттық ғылыми – практикалық, білім беру және сауықтыру орталығына баратын оқушыны анықтау туралы.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ақылдасуымен бір ауыздан 4 «А» сынып оқушысы Жұма Бексұлтанды (оқу озаты, түрлі байқаулардың жеңімпазы, әлеуметтік көмек алатын отбасы санатынан) «Бөбек» ұлттық ғылыми – практикалық, білім беру және сауықтыру орталығына демалуға ұсынылды.

Мектеп бойынша 1-4 сыныпта 194 оқушы білім алуда (3 оқушы денсаулығына байланысты үйден білім алуда), 191 оқушы толық ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген тегін тамақтану құқығына ие жеке санаттағы 19 оқушы ата-аналарының өтініштері бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.

Мектеп асханасына Бракераж комиссия мүшелерімен және «Қамқоршылық кеңес» мүшелерімен зерделеу жұмыстары жүргізіліп тұрады: ас блогы қызметкерлерінің жұмысы, дайын және шикі өнімдер мен көкөністердің сақталуы, тоңазытқыштар мен қоймада тұрған ас-судың жарамдылық мерзімі, ыдыс жуу ережелерінің сақталуы, сондай-ақ асхана жұмысына қатысты журналдардың толтырылуы, ас блогы мен оқушылар тамақтанатын орындардың санитарлық жағдайлары тексеріліп тұрады. Нәтижесінде, күнделікті ас мәзірі уақытымен ауыстырылады. Бракераждық журнал медбикемен күнделікті толтырылады.

Жасақталған іс-шара жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар мектеп сайтына орналастырылып отырады. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек.

Мектеп директоры:



Н.Рахметуллина